

**Қабиболла Сыдиықұлы** 1934 жылы туған. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, филология ғылымының кандидаты.

1960 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1950—1955 жылдары орта мектептерде, 1960—1969 жылдары Атырау пединститутында ұстаздық етеді. 1969 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істейді. 1982—1984 ж. Маңғыстаудағы Т. Г. Шевченко мемориальдық музей-кешенінің директоры қызметін атқарған. Әдеби, мәдени және тарихи мұралар, әдебиет пен өнер хақындағы 300-ден аса мақалалар мен ғылыми еңбектердің авторы. Абылдың, Махамбеттің, Қашағанның, Кердері Әубәкірдің, Ғұмар Қараштың, Сәттіғұлдың, т. б. көптеген ақын-жыраулардың мұрасын жариялаған ("Ақберен", 1972; „Алқаласа әлеумет", 1991; „Топан", 1991; т. б.).

Басты еңбектері: „Теңіз лебі" (Алматы, „Жазушы", 1968), „Маңғыстау" (Алматы, „Қазақстан", 1973, С. Шалабаев, Е. Өмірбаевпен бірге), „Ақын-жыраулар" (Алматы, „Ғылым", 1974), „Дала жыршылары" (Алматы, „Білім" қоғамы баспасы, 1989), „Көркемдік өрнектер" (Алматы, „Рауан", 1993) т. б.

Қабиболла Сыдиықұлы

# ХАЛҚЫМЕН ҚАЙТА ТАБЫСҚАНДАР

"Ата мұраң — асыл қазынаң"

